



ONLINE ƏDİSKER



Онлайн Әдіскер

Бұл жоба Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңын, Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 - 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын (БҒДМБ) басшылыққа алады және педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыруға ықпал етуге бағытталған.

Жоба құрылған күні: 07.10.2021



Жобаның өзектілігі



«Online ӘДІСКЕР» жобасы Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 - 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында әдістемелік инновациялар орталықтарын құру бөлігінде қойылған міндеттерді орындауға бағытталған.

Білетіміздей, әдістемелік жұмыстың басты мақсаты - педагогтерге жаңа тиімді оқыту-тәрбиелеу технологияларын белсенді меңгеруге және білім сапасын арттыруға бағытталған педагогикалық шеберліктерін арттыруға, жеке мәдениетін дамытуға және шығармашылық әлеуетін арттыруға практикалық көмек көрсету. Сәтті әдістемелік қолдау жүйелі, мақсатты бағытталған, жоспарлы және проблемалық-бағдарлы сипатта болуы керек және білім беру процесінің барлық қатысушыларының әлеуметтік тапсырыстарын, сонымен қатар әдістемелік мониторингте анықталған мәселелерді ескере отырып, диагностикалық-аналитикалық негізде құрылуы керек. Осыған байланысты, осы жоба арқылы білім беру ұйымдарының, педагогикалық кадрлардың, әдіскерлердің сұраныстары мен қажеттіліктеріне жедел және әлеуетті жауап беруді қамтамасыз ету өзекті міндет болып табылады.






Жобаның мақсаты:

Цифрлық білім беру кеңістігінде жұмыс жасайтын барлық типтегі білім беру мекемелерінің педагогикалық кадрдарына қашықтықтан әдістемелік қолдау.



Жобаның басымдықтары:



әр педагогтің кәсіби
шеберлігін арттыру арқылы;

педагогикалық кадрлардың
тәжірибе алмасуы және
озық жетістіктерін тарату
арқылы;

бүкіл педагогикалық
ұжымның шығармашылық
әлеуетін дамыту арқылы;

оқу-тәрбиелеу процесінің
сапасы мен тиімділігін
арттыру арқылы.

Жүзеге асыру тетіктері:

Әдістемелік көмек төмендегілер арқылы жүзеге асырылатын болады:



онлайн-консультация,



білім беру қызметінің әр түрлі бағыттарындағы нұсқаулық және әдістемелік нұсқауларға түсініктеме беру, яғни әдістемелік қамтамасыз ету;



тәжірибе алмасу және озық педагогикалық жетістіктерді тарату бойынша онлайн-платформалар ұйымдастыру;



әдістемелік оқуға мүмкіндік беретін онлайн желілік ынтымақтастықты құру (педагогикалық семинарлар, проблемалық семинарлар, пікірталас клубтары, шығармашылық зертханалар);



педагогтердің қажеттіліктері мен қиындықтарын, олардың кәсіби маңызды жеке қасиеттерін диагностикалау (сауалнамалар, анкеталау, тестілеу, педагогикалық практиканы талдау, педагогтердің өзін-өзі талдауы);



ғылыми, әдістемелік, педагогикалық әдебиеттерге ақпараттық шолулар орналастыру;



педагогикалық шеберліктің онлайн байқауын ұйымдастыру



Күтілетін нәтиже

Білікті нормативті-әдістемелік қолдау арқылы қамтамасыз ету, АКТ-ны жаппай қолдану арқылы оның қол жетімділігі мен тиімділігін арттыру, мүдделі тараптарды озық педагогикалық технологиялармен, білім беру үдерісін ұйымдастырудың сандық шешімдерінің түрлерімен, білім беру педагогикалық жоблау негіздерімен, әлеуметтік желілер арқылы авторлық әзірлемелерді құру кезеңдерімен таныстыру арқылы білім берудің жаңа сапасын қамтамасыз ету.



Платформаның мақсатты аудиториясы:



Педагогтер



мектепке дейінгі



орта



техникалық және
кәсіптік



арнайы



қосымша